Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№77 (9860)
27 қыркүйек, сейсенбі
2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

Ел жаңалықтары

Елімізде мектебі жоқ немесе бастауыш мектебі ғана бар ауылдардың балаларын жақын маңдағы білім беру ұйымдарына қауіпсіз тасымалдау үшін 515 жаңа автобус сатып алынады. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі осылай деді.

Ауыл мектептеріне 515 жаңа автобус беріледі

– Балаларды қауіпсіз тасымалдау – біздің бақылауымыздағы маңызды сұрақтардың бірі және біз осы мәселені үнемі көтеріп келеміз. Биыл Балалар жылы аясында қауіпсіздік талаптарына сай келетін 515 жаңа автобус сатып алу үшін республикалық бюджеттен ақша бөлінді. Жаңа автобустар қауіпсіздік белдіктерімен, мектеп сөмкесіне арналған сөрелермен, есіктері ашық кезде қозғалысты тежейтін механизммен және тағы да басқа қауіпсіздік құралдарымен жабдықталған, – деді Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Дулат Жекебаев.

Комитет төрағасының орынбасары автобустарды сатып алуға бөлінген қаржыны игеру жергілікті әкімдіктердің құзыретінде екенін айтады. Қоғамдық көліктер елімізде құрастырылатын болғандықтан қомақты тапсырыс отандық автоөндіріс саласын дамытуға да үлкен үлес қосатынына сенімді. Сөзінше, ең бастысы балаларымызға қауіпсіз, жайлы автобустармен қатынауға жағдай жасалады.

– Жаңа автобустар Ақмола, Ақтөбе облыстары сияқты бірқатар өңірге жеткізіліп, таратылып жатыр. Біз еліміздің барлық аймағындағы мектеп автобустарын кезең-кезеңімен жаңартамыз. Бірінші кезекте мәселе бар өңірлерді автобуспен қамтуды жоспарлап отырмыз. Мәселен, 515 автобустың 101-і Түркістан облысына жөнелтіледі, – деді Дулат Жекебаев.

Бірыңғай байланыс орталығын іске қосты

Оқу-ағарту министрлігі 1450 нөмірі бойынша білім беру мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының жұмысын ұйымдастырды. Өңірлік білім басқармалары Бірыңғай байланыс орталығына екінші желі арқылы қосылған. Жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жататын мәселелерді шешу үшін бірден білім басқармаларына жіберіледі. Бүгінде байланыс орталығына 1 200-ден астам қоңырау түскен.

«Көбінесе азаматтарды балабақшадан орын алу үшін кезекке қалай тұру керегі қызықтырады. Бұл мәселе бойынша түсіндірме жұмыстарын жергілікті атқарушы органдардың өкілдері жүргізеді. Сондай-ақ ең өзекті тақырыптар білім туралы құжаттарды қалпына келтіру, мектептегі тамақтандыру мәселесі, балаларды бір мектептен екіншісіне ауыстыруға қатысты» деп жазды ведомствоның баспасөз қызметі.

“ЖЖ” ақпарат

Жалағаш аудандық мәслихатының кезекті 25-сессиясын шақыру туралы

Жетінші шақырылған Жалағаш аудандық мәслихатының кезекті 25-сессиясы 2022 жылы 04 қазанда сағат 10.00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік жастар саясатының іске асырылу барысы туралы.

2. Аққыр ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындауы туралы есебі.

3. Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындауы туралы есебі.

4. Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылындағы көшелер атауын қайта атау туралы.

2022 жылы 04 қазанда сағат 09.00-де аудандық мәслихат хатшысының кеңсесінде тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы өткізіледі.

Сессия отырысы **Aitube.kz** платформасында тікелей эфирде көрсетіледі.

Мәслихат хатшысы Г.Құрманбаева

Аппарат

Сыннан сабақ алған абзал

Осыған дейін кент және ауылдық елді мекен әкімдеріне атқарылып жатқан жұмыстары сараланатыны айтылған болатын. Жылдың аяқталуына бар болғаны 3 ай уақыт қалды. Дегенмен кент және ауылдық округ әкімдері тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстар біздің, яғни жергілікті тұрғындардың көңілінен шығып отырған жоқ. Себебі бірнеше рет ауылдық елді мекендерді абаттандыру, көркейту-көгалдандыру, ауылдан шыққан кәсіпкерлермен, шаруашылықтармен бірлесе елді мекенге инвестиция тарту жұмыстары тапсырылды. Алайда бұл тапсырмалардың ешқайсысы орындалған жоқ. Осыған дейін 2 рет халықпен кездесу өткізілді. Бұл жиындарда ауыл әкімдерінің қай деңгейде жұмыс жасайтыны анық байқалды. Президент әкімдерге халықпен тығыз байланыста болуды тапсырғанымен, бұл тапсырма ауыл әкімдері тарапынан орындалмай отыр. Елді мекендердегі мәселелерді шешуді қарастыру жұмыстары да мардымсыз. Кешегі аппарат мәжілісінде аудан әкімі Асқарбек Есжанов осылай деді.

Иә, күн тәртібінде бір ғана мәселе. Яғни кент және ауылдық округ әкімдерінің жыл басынан бері атқарған жұмыстарын саралау. Ал бұған шолу жасаған аппарат басшысы Мейірбек Құрақбаевтың сөзіне құлақ түрсек, жоғарыдағы өңір басшысының әкімдерге бағыттаған сынына қарсы уәж айта алмайсыз. 15 өңір әкімінің жыл басынан бері атқарған жұмысы хақында Мейірбек Аманкелдіұлы не дейді? Тарқатайық...

Кәсіпкерлік саласын дамыту арқылы елді мекендердің екінші тынысын ашуға болады. Бұл бағытта ауданда атқарылған жұмыстар, мемлекеттік қолдаулардың нәтижесі бар. Алайда кейбір елді мекендерде салада тұралау былай тұрсын, құлдырау бары анық байқалады. Мәселен, бір елді мекенде жыл басынан бері ашылған кәсіпорын мен жабылған кәсіпорын саны бірдей болса, кейбірінде тіпті жұмысын тоқтатқан кәсіпорындар саны алға шығады.

Айта кетейік, Жалағашта шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 713-ке жеткен. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 159 бірлікке артқанын аңғарамыз. Алайда аппарат басшысы кейбір ауылдық округтерде кәсіпкерлік субъектілерінің саны жыл басынан төмендеп жатқанын айтады. Тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің 93,3 пайызы бүгінде нақты жұмыс жасап тұр екен.

Облыс әкімінің осыған дейінгі тапсырмасына сәйкес, тіркелген кәсіпкерлік субъектілрінің халық санына шаққандағы үлесін 9 пайызға жеткізу қажет еді. Алайда ауданда бұл көрсеткіш 7,9 пайызды құрап отыр. Мемлекет басшысының, облыс әкімінің де талабы бір, елді мекендерде кәсіпкерлік саласын дамытып, бос жұмыс орындарын ашу, әлеуметтің әлеуетін арттыру, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту. Ал біздегі кейбір елді мекендерде бұл сала тұралап жатқанда аудан басшысының жауапты азаматтардың маңдайынан сипамасы анық. Бүгінгі өңір басшысы тарапынан оларға айтылған сында мін жоқ.

– Жыл аяғына дейін 450 кәсіпкерлік субъектісін ашу жоспарланса, қыркүйек айына дейін 528 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, 393 кәсіпкер жеке кәсіпкерлігін жапқан. Жоспар 30 пайызға орындалған. Яғни кейбір ауылдық округтер бойынша тіркелген кәсіпорындар мен жабылғандардың саны бірдей болып, ешқандай өсім байқалмай отыр. Бекітілген меженің орындалмау қаупі бар. Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастау немесе жұмыс істеп тұрған кәсібін дамыту бағытында 172 жоба 2 млрд 291 млн теңгеге қаржыландырылып, 194 жаңа жұмыс орны ашылған. Ауылдық округтер бойынша мемлекеттік қолдау шараларын алғандардың басы 16 жоба болса, кейбір ауылдарда 1-2 жобадан ғана қаржыландырылған, – дейді Мейірбек Құрақбаев.

Жиында жұмыспен қамту мәселесі де назардан тыс қалмады. Тамыз айына дейін ауданда халық саны 35 422 адам болса, оның ішінде экономикалық белсенді халық саны 14 947 адам екен. Олардың 14 192-сі жұмыспен қамтылса, 755-і екі қолға бір күрек таппай жүр. Жалпы ауданда жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызды құрайды.

Биыл ауданда 2 420 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Оның 1078-і маусымдық болса, 1 342-сі тұрақты болуы шарт. Қыркүйек айына дейін 1 129 жаңа жұмыс орны ашылыпты. Яғни жоспар 56,6 пайызға ғана орындалып отыр. 4 айда алға қойылған жоспар орындала ма, жоқ па белгісіз. Бірақ 8 айда меженің жартысы әрең орындалғанын ескерсек, жыл соңына дейін 1078 маусымдық, 1 342 тұрақты жұмыс орнының ашылуына үміттен күдік басым.

Мейірбек Аманкелдіұлы 1 342 тұрақты жұмыс орнына қатысты меженің бүгінде тек 10 пайызы жүзеге асқанын айтады. Яғни жыл басынан бері 135 тұрақты жұмыс орны ашылған. 8 айда меженің 10 пайызын ғана орындаған жауапты азаматтарға қалған 90 пайызды жүзеге асыру үшін алдағы 4 ай жете ме, ол жағы тағы да беймәлім. Ал маусымдық жұмыс орындарына келсек, жоспардың тек 7,8 пайызы орындалған. Аудан бойынша бұл көрсеткіштің айтарлықтай төмен екенін аппарат басшысы да жасырмады.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның негізгі мақсаты – жаңадан жұмыс орындарын ашып, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тарту, жұмыссыздық деңгейін төмендету. Жыл басынан бері ұлттық жобаның жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру бағыты бойынша 154 жұмыссыз азаматтың жобасы қолдау тауып, әрқайсысына 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қайтарымсыз қаржы үлестірілді. Осы ретте аудан басшысы қайтарымсыз қаражатты нақты жұмыс жасайтын мұқтаж азаматтар алуы қажеттігін жауапты бөлім басшысының қаперіне салды.

4 →

Кеңес

Өткен аптада «Amanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалының мәжіліс залында партияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес отырысы өтті. Оған партияның Жалағаш аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева және комиссия мүшелері қатысты.

Тапсырмалар орындалуы тиіс

Жиынның күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Аламесек ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы С.Қалдыбекованың хабарламасы тыңдалды. Оның айтуынша, сайлауалды бағдарламада берілген тапсырмалар кезең-кезеңімен орындалуда. Былтыр Есет батыр ауылы бағытындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолының бойындағы ЮК-16 көпірін қайта жаңғыртуға жұмыстар басталған.

– Биыл мамыр айында ішкі көшелерді күрделі жөндеуден өткізу мақсатында мемлекеттік сатып алу конкурсымен «Игілік стройпроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 4 млн теңгеге Т.Бисенбаев, Өмірбай шешен, Бөлебай би, Сарман батыр көшелерінің 3,9 шақырымына жобалық-сметалық құжат дайындады. Өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында Қ.Әбішев, көшесіне 9, Өмірбай шешен көшесіне 9 дана жарық шам орнатылды. Ал «Туған жерге тағзым» акциясы аясында «Қара бура Ата 1» шаруа қожалығы Ақарық көшесі бойына 25 дана бағана орналастыруды жоспарлап отыр, – деді ол.

Мұнан соң сөз алған Қаракеткен ауылдық округінің әкімі Әділ Тоқтаров жетекші партияның сайлауалды бағдарламасында берілген тапсырмалардың орындалу барысын баяндады.

– «Amanat» партиясының жобалары аясында партиямен бірлесіп жұмыс жасаудамыз. Бюджеттік салық түсімдерін қамтамасыз ету, тұрғындарға салық төлеу мәдениетін қалыптастыру, жаңа жұмыс орындарының ашылуына жәрдемдесіп жатырмыз. Қаракеткен ауылының көшелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағытындағы арнайы бильбордтар орналастырылды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында ауыл көлемінде алдағы уақытта жүйелі жұмыстар жүргізілетін болады, – деді ауыл әкімі.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе білім сапасын арттырудағы жол картасының орындалу барысы жайлы аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов хабарлама жасады.

Оның айтуынша, аудан бойынша 37 мектепке дейінгі ұйымда 2 346 бала тәрбиеленуде. Жыл сайын балабақшалардың желісі артып келеді. 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар 100 пайыз балабақшамен қамтылып отыр.

Бүгінде алдымызда тұрған басты міндеттердің бірі – аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасынан шыққан балаларға барынша әлеуметтік қолдау көрсету. Ауданда 1 965 әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балалары есепке алынған. Биылғы жаңа оқу жылында аталған санаттағы барлық балаға 73 млн теңге қаржы бөлініп, қажетті оқу құрал-жабдықтары алынып берілген. Сонымен қатар олардың барлығы ыстық тамақпен қамтылған. Мектептердің 75 пайызы жаңа модификациялық кабинеттермен қамтамасыз етілген.

– Қосымша білім беруді дамытудың 2021-2022 жылдарға арналған облыстық жол картасы аясында ауылдық елді мекендерде балалар өнер мектебінің филиалын ашу жұмыстары жоспарланып, білім басқармасына бюджеттік өтінім жобасы ұсынылды, – деді бөлім басшысы.

Барлық күн тәртібіндегі мәселелерді зерделеп өткен комиссия мүшелері жол картасының орындалу барысында олқылықтар болмауын ескертіп, жиын барысында өз сауалдарын жолдады. Болашақта атқарылған жұмыстар партия тарапынан қадағаланатын болады.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Жүрекжарды әңгіме

Ұлт мұрасын ұлықтаған

Ұлтымыздың асқақ рухын көтеретін қолөнер шеберлері мен ұсталардың еңбегін бағалау, оның тереңіне бойлау кейінгі ұрпақ үшін аса қымбат парыз деп ойлаймын. Бұрынғы бабадан жеткен ұлы өнер ұрпаққа жалғасып, сан ғасырлық тарихымызды қайта жаңғыру үлкен даналық пен даралық дер едім. Бүгінгі біздің «Жүрекжарды әңгіме» айдарымыздың бас кейіпкері Жалағаш ауданы тұрғыны, ардагер-ұстаз, Қазақ ССР оқу үздігі, Әбілхайыр Әбілханұлы Ералиев. Он саусағынан өнері тамған ақсақалға біз сәлем бере баруды өзімізге парыз санап, сұқбатты үйінен алуды көздеген болатынбыз. Бірақ іздеген ағамызбен үйде емес, түздегі аулада жолықтық. Міне, қызық, еңселі бұрынғының батырларындай белі бүгіле қоймаған ағамыз зейнетке шықтым деп қарап отырмай, өзінің даладағы шеберханасында қазақтың қасиетті домбырасын жасап отыр екен. Табиғат аясында, жасыл желек ортасында отырған шебер жанға сүйсіне қарадық. Басындағы қазақы тақиясы да өзіне жараса қалыпты. Қасында жақындап сыпайы амандастық. Оның шарықтаған қиялын тұсаулағымыз келмеді. Десе де, ағамыз бір сәт жұмысын тоқтатып, бізбен өз әңгімесін жалғастырды.

– Әлбетте ұсташылық, қолөнер, тігіншілік жалпы шеберлік көбінесе атадан балаға мирас болып қалады. Сізге осындай керемет өнер кімнен дарыған? Шеберлік сыры неде?

– Менің балалык шағым сонау соғыстан кейінгі кезеңмен сәй кес келеді. Ол заманда ел етек-жеңін жия алмаған ауыр кезең болатын. Тұрақты баспанамыз да жоқ. Қазақтың қара үйінде өстік. Сол караша үйлерді басатын ұсталар да ол кезде ел ішінде некен-саяқ еді. Біздің аталарымызЕралы Қонақбайұлы,Керім Манақбайұлы он саусағынан өнері тамған шебер болатын. Ауылдағы киіз үйлердің бірталайы атамның қолынан шыққан еді. Ол кезде киіз үй деген өте құнды болған. Аттыға таптырмайтын адамдар болған. Бір жылқы, бір сиыр бір қараша үйдің құны. Ұсташылықпен танымал болған кісілер. Біршама аталардан қалған құрал-жабдықтарды пайдаланып жүрмін. Кейбір дүниелерін мұражайға өткіздім. Сол кісілердің ұстаханасында көмектесе жүріп тәрбиелендім.

Мен өнер адамы болғанмен бітірген окуым Қызылордадағы педагогикалық институтының биология пәні. Өкінішке орай, ол мамандық бойынша бірде-бір сабақ бермедім. Өзімнің жүрек қалауыммен қолымның ісмерлігіне байланысты еңбек, технология пәндеріне қарай бейімделдім.

– Мектептің ішінен мұражай ашып, қазақтың ұлттық болмысын әспеттейтін киіз үйдің жарты шеңберін оған тігіп,оның ішін қазақтың бұрынғы ұлттық құрал-жабдығымен өрнектеу, елге насихаттау идеясы сіздің ойыңызға қай кезде келді? Киіз үйдің сан түрмен әшекейленген бауынан бастап ішіне қойылған келі келсап, кілем, киімдер мен әйелдердің қолдан жасалған әсемдік жүзіктері,білезіктері мен сырғалары бұл жерден қазақылықтың иісі бұрқырап тұрғанын сездіреді. Осы жерден ұлттық өнердегі бабалар салған сара жолдың үзілмегенін көріп марқайып қалдық. Мұның бәрі сіздің қазақы болмысыңыздың руханиятқа жанашыр екендігін дәлелдейді. Өзіңіз көз майын тауысып жасаған заттарыңызға тоқталып, оның сырын ашсаңыз?

– Менің балалык шағым сонау соғыстан кейінгі кезеңмен сәй кес келеді. Ол заманда ел етек жеңін жия алмаған ауыр кезең болатын. Тұрақты баспанамыз да жоқ. Қазақтың қара үйінде өстік. Қазір мамыражай заманда қарап жатуды құп көрмедім. 2010 жылы зейнетке шыққанмен кейінгі буынға парасатты нәрсе ұғындырсам, бойымдағы өнерімді беріп кетсем деп ойладым. Казіргі жастар бұрынғы заманның тірлігінен, тұрмыс-салтынан хабардар болсын деген оймен, өнегелі істі кейінгі ұрпақ жалғасын деген ниетпен мектеп ішінен киіз үйдің жарты шеңберіндей үлгіде мұражай ашып, қазақтың ескі тұрмыс салтын бейнелейтін түрлі құрал-жабдықтарды осында қойдым. Олардың көпшілігі өзімнің қолмен жасаған дүниелерім. Мұнда мектеп окушыларына өнеге болатындай қазактың салт-дәстүрлік дүниелері, музыкалық аспаптар, қазақтың этнографиялық тарихынан сыр шертетін бұйымдар қойылған.

– Шығармашылықпен айналысатыныңдан да хабарлармыз. Екі кітабыңыз жарық көріпті. Сол туындылардың жазылу тарихын онда не баяндалғанын айта кетсеңіз?

– Дұрыс айтасыз. Алғашқы «Әкемнің аманаты» деген кітабым 2010 жылы жарық көрді. Мен ақын немесе қаламгер емеспін. Проза мен поэзияны оқығаным болмаса, өзіндік қыр-сырын жете меңгермеген, атадан аманатқа айналған ұлттық бұйымдар жасау ісінің шеберімін. Технология пәнінен сабақ мектепте сабақ бердім. Бұл шығармашылық жұмыспен әке аманатын орындау мақсатында айналыстым. Әкемнің шымшымалы шумақтары, мақал-мәтелдері «Ел аузынан» айдарымен аудан жұртшылығына таралып кеткен болатын. Әкем дүние салған соң анамыз әкемнің қолжазбасын ешкімге көрсетпей 20 жыл чемоданда ұстапты. 2003 жылы шешеміз қайтыс болған соң әлгі чемоданды ашсам әкемнің еңбектері, қолымен жазылған жыр шумақтары, аталы сөздері сол кездегі «Жаңадария», «Ленин жолы», «Қазақстан әйелдері», «Қазақстан мұғалімі», «Социалистік қазақстан», «Бастауыш мектеп», «Қазақстан пионері» басылымдарында жарияланған дүниелерінің қиындыларымен бірге қосақталған қойын дәптерлері, ондағы хиссалар жиынтығы мен Шоңбай әкелерiмiздiң шежірелерінің түпнұсқасы, баспа бетін көрмеген 1964-1983 жылдары «Менің өлең-жырларым» деген қойын дәптерінде 50-ге тарта өлеңдері жазылыпты. Мұны көріп әкемнің орындалмай қалған арманын орындау мақсатында әкемнің кітабын жарыққа шығарып, жаным жай тапты.

Ал екінші кітабым 2011 жылы «Туған жердің киелі ұсталары» деген атпен жарық көрді. Оның алғы сөзіне мен қалың оқырманға мынандай қолтаңба жаздым. «Бүкіл оқырман қауымнан өтінерім, менің осы кітабыма ықылас білдіріп, бір-екі мезгіл болатын кәріс пен түрік елдерінің телесериалдарынан көріп жүрген кейіпкерлерден гөрі өз еліңіздің, өз ата-бабаларымыздың киелі, қасиетті ерен еңбектеріне назар аударып, Пайғамбар жасынан асқан ағаларыңыздың, көненің көзіндей етіп, бойтұмардай сақтап жазған жазбасын оқысаңыздар екен». Бұл көпшілікке үндеу секілді әсер етті ме? Бұл кітапқа қызығушылар қатары өсті.

Бұл кітапта ел ішінде кездесетін түрлі поэзия, проза, әзіл әңгіме, мақал-мәтелдер, XIX –XX ғасыр дәуіріндегі қызықты қиссалар, көнекөз темір ұсталарының тіршіліктері мен өнер шеберлерінің күнкешті ата-аналарымыздың тірлігі жайлы зерделедім. Бұл кітапта жалпы аудандағы кіші жүз аталығының ішіндегі ұста-шеберлерін түгел қамтыдым деп айта алмаймын. Сондықтан мен ауданды және бүкіл ауылдарды зерттеп, тіпті сол ауылдың технология пәнінің ұстаздар қауымын жұмылдырып, шама-шарқынша зерттедім. Ата-бабаларымыздан қалған ескерткіш жинақ қарапайым халыққа үлгі-өнеге, жасөспірімдерге өсиет болсын деген мақсат қой, шырағым!

– Ұстаздық жалпы шеберлік жолыңызды жалғап жатқан перзенттеріңіз немесе шәкірттеріңіз бар ма?

– Қаншама шәкірт тәрбиеледім. Оның ұзын-сонар тізімі есімде жоқ. Жалпы технологиядан сабақ берген соң қолөнерге бейім балар бірден көзге көрініп тұрады. Еңбекті оңай сабақ деп енжар қарамай, әр тапсырманы тиянақты орындайтын балалар келешек ұсталар болып шыға келді. Қазір олар облыстың түкпір-түкпірінде өз шеберханаларын ашып, еңбек етуде. Мысалы Ермек Бүркітбаев деген шәкіртім менің жолымды қуып, аудандағы 202 мектепте технологиядан сабақ береді. Туған інімнің баласы Нұрлыбек Әбілхан – осы ауданның жиһаздарын құрастырушы ұста. Жалпы кез келген жұмысты игеріп кететін, ұсталыққа құлшынысы жоғары шәкірттерім көп. Олармен жүздесіп, амандасқан сайын көңілім толып, олардың жасап жатқан тірліктерін көріп, бір марқайып қаламын. Ұстаз үшін мұнан артық бақыт бар ма, сірә?!

– Қазір құрметті еңбек демалысындасыз. Сіздің мынадай құндылықты өмірге әкелген шебердің бос уақыты бар ма?Келешекте қандай идеяларыңыз бар?

– Бұрын зейнетке шыққан адам рахаттанып жатып ішетін шығар деп ойлайтынмын. Ал өзім зейнетке шыққалы бірталай уақыт болды. Қазір менде бос уақыт деген атымен жоқ. Таң атқаннан күн батқанға дейін қолым тимейді. Өзімнің табиғаттың аясындағы шеберханамда домбыра, қобыз, жұрттың сұранысына байланысты ұлттық бұйымдар жасаймын. Әйтеуір қарап отырмаймын. Қалжырап шаршағанға дейін жұмыс жасаймын. Елден түсетін тапсырыстар да көп. Кейбіреулері біреуге сый-сияпатқа домбыра, қобыз, оның қабын жасатса, кейбірі өздері үшін отбасына киелі домбыра-қобызды сақтап қою үшін жасатады. Шаршағаның өзіңнің жасаған домбыра, қобызыңмен өнерпаздар ел алдында өнер көрсетіп жатқанда демде басылып, жайнап шыға келесің. Міне, менің бүкіл жан дүнием ұлтымның рухымен бірге жасайды. Өз ұлтын сүйген адам, оның салт-дәстүрін, өнерін, әдебиетін, мәдениетін жан-тәнімен сүйеді. Дәл осы адам мен деп елге тік қарап айта аламын.

– Аға, қазір көзіміз көріп отырғандай, ғажап домбыра-қобыздар жасап жатыр екенсіз. Оның ағаштарын қайдан табасыз?

– Жылдап жатқан ағаштар болады. Мықты олар оңайлықпен жарыла қоймайды. Сондайларды іздеп табамын. Ол дайын өнім емес. Сүргілеймін. Қаншама тер төгіліп жасалатын дүние ғой. Музыкалық аспап жасау үшін оның тілін білу керек. Жүрегің нәзік, қолың епті болғанда ғана жақсы аспап өмірге келеді. Мәселен қобыз жасау үшін ешкінің терісін илеп пайдаланамын. Басқа малдың терісі оған жарамсыз. Әр шеберліктің өз құпиясы бар ғой. Солай қарағым. Қарияның ішіндегі қолы босамайтыны мен шығармын. Аудандағы ауқымды шаралардан қалмауға тырысамын. Арнайы шақыртумен жиындарға қатысамын. Ол жағынан да белсендімін деп айта аламын.

– Сөз соңында абыз қария ретінде елге айтар тілегіңіз болса құба-құп болар еді?

– Енді «жақсы сөз жарым ырыс» деген еліме, халкыма айтарым «берсін Құдай береке, дұшпанға қылмай келеке, күнде ойын күнде болсын береке! Ел аман, жұрт тыныш болсын!

– Аға, тұшымды әңгімеңіз үшін сізге үлкен рахмет! Ақ батаңыз қабыл болсын!

Әңгімелескен Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Жолдауға қолдау

Жолдау – кемел келешекке айқын бағыт

Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын насихаттау жұмыстары Мәдениет ауылында жалғасты. Аталған кездесуге «AMANAT» партиясы атынан сайланған Жалағаш аудандық мәслихат депутаты, аудандық мәслихат хатшысы Гүллзат Құрманбаева және «Мырзабай ахун» ауылдық округі бастауыш партия ұйымының жетекшісі Сәлима Оспанова қатысты. Жолдаудың басым бағыты кәсіпкерлікті оның ішінде жас кәсіпкерлерді қолдау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жалағаш ауданы бойынша 2022 жылдың 1 қыркүйекке тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2713 бірлікті құрады. Ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда жалпы тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің саны 159 бірлікке, ал, жұмыс жасап тұрғандар саны 176 бірлікке көбейген. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 2022 жылдың 8 айында 4 млрд 910,0 млн теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 127,8 пайызды құрады. Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастау немесе жұмыс істеп тұрған кәсібін әр қарай дамыту бағытында аудан бойынша жыл басынан 171 жоба 2 млрд 287,6 млн. теңгеге қаржыландырылып, (9жас кәсіпкер 37,1 млн теңгеге қаржыландырылды) 194 жаңа жұмыс орындары ашылды. Аудан бойынша жыл аяғына дейін 775,5млн. теңгеге 18 жоба ашылып, 77 адамды жұмыспен қамту жоспарлануда – деді Гүлзат Құрманбаева.

Президент бұл жолғы Жолдауында да елдің әлеуметтік ахуалын жақсартып, өмір сапасын арттыратын бірнеше басымдықтарды атап өтті. Ең маңызды деген тұстарына оның ішінде, төменгі жалақы, зейнет жасы, тәрбиешілердің жалақысын көтеру сынды мәселелерді қамтыды. Әділетті Қазақстан құру жолындағы ортақ мақсатқа топтастыратын Жолдауды бірге іске асыруға шақырамын! – деді Сәлима Оспанова.

“ЖЖ” ақпарат

Саяси құжаттың маңызы айтылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арналған жолдауын насихаттау мақсатында М.Шәменов ауылында кездесу болып өтті. Аталмыш жиынға «AMANAT» партиясы Жалағаш аудандық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының мүшесі, партия ардагері Қалдыгүл Дәулет және аудандық партия фииалы жанындағы «Аумақты дамыту» мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес мүшесі Жантас Байжанов қатысып, Жолдауда айтылған нақты басымдықтарға тоқталды.

Мемлекет басшысы халықтың көкейінде жүрген мәселелерді көтеріп, оларды шешу бойынша нақты тапсырмалар берді. Ендігі кезекте біздің бірлігіміз маңызды. Әділетті Қазақстан құруда баршаңызды бір болып, ел игілігі жолында жұмыс жасауға шақырамын – деді партия ардагері Қалдыгүл Дәулет.

Жолдауда Мемлекет басшысы «Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс беруіміз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетіле бермек. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі» деп атап өтті. Бұл еліміздегі жұмыссыздар санын азайтуға зор септігін тигізеді деп есептеймін.

Сонымен бірге, Президент «Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Жинақталған қаржы балалар кәмелет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басуына мүмкіндік береді. Қор, шын мәнінде, ұлттық мәртебеге ие болып, халқымыздың игілігіне қызмет етеді. Бастаманы мұқият әзірлеу қажеттігін ескере отырып, жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосуды тапсырды. Мемлекет басшысының ел көкейіндегі жүрген зейнетақы мәселесін көтеріп, көптің көңілінен шықты.

Ендігі кезекте Жолдауда қойылған мақсат-міндеттердің жүзеге асуына баршаңызды бірлесе жұмыс жасауға шақырамын – деді Жантас Байжанов.

“ЖЖ” ақпарат

Ұлағатты ұстаз

Биыл мектеп қабырғасында он жыл оқып, орта білім алып шыққанымызға 65 жыл толыпты. Оқушы кезімізді ой елегінен өткізгенде алғаш мектеп табалдырығын аттап, мектеп бітіргенге дейінгі он жылда білім беріп, бойымызға адами асыл қасиеттердің нұрын сепкен ұстаздарымыз еріксіз ойға оралады. Олардың бізге сапалы білім, саналы тәрбие беруде қаншама тер төгіп, еткен еңбегі әрқашан есімізде. Бүгінде олардың қатарынан пәни дүниеде жалғыз ұстазымыз Бәтәй Жүндібаева апайымыз ғана қалып отыр. Ол да тоқсанға келген, жүріс-тұрысы қиындаған, ұл-қыздарының қамқорлығында үйде отыр.

Қалдырған ізі мәңгілік

Мектепті бітіргенімздің 65 жылдығына орай ұстаздарымызды еске ала отырып, олар туралы естелік жазуды жөн көрдім. Мектеп қабырғасында білім алған он жылда бізді біліммен сусындатып, адами асыл қасиеттерді бойымызға сіңіре білген ұстаздарымыз аз болған жоқ. Біздің азамат болып қалыптасып, өмірден өз жолымызды тауып, елімізге қалтқысыз еңбек еткен өмір жолымызда олардың әрқайсысының қалдырған ізін ерекше бағалаймыз, бөліп жармаймыз. Дегенмен солардың ішінде басқа ұстаздарымызға ұқсай бермейтін, жеке өмірінде кездескен қиыншылықтарға мойымай, саналы өмірін шәкірт тәрбиелеуге, халқына қызмет етуге арнап, абырой жинаған ұстазымыз Бибайша Нәбиева еді.

Бибайша Нәбиева 1931 жылы Жалағаш кентінде дүниеге келген. Аудан орталығындағы Сталин атындағы орта мектепті 1949 жылы «Алтын медальмен» бітіреді. Алматыдағы қыздар педагогикалық институтының «Физика-математика» факультетіне оқуға түсіп, оны 1953 жылы бітіріп шығады. Еңбек жолын өзі оқыған мектепте ұстаздық етуден бастайды.

Бұдан әрі қарай сөзді апайымыздың өзіне беріп, 1957 жылы осы мектепті бітірген шәкірттері, яғни біздің мектеп қабырғасынан түлеп шыққанымызға елу жыл толуына байланысты арнаған естелігін келтірейік. .

«Мектеп бітіргенімізге елу жыл. Мектептегі өмірден есте қалар ұстазымыздың бірісіз. Сол кездегі оқушыларыңыз туралы лебізіңізді білдірсеңіз» деп шәкірттерім қоңыраулатып тұр. Елу жыл. Жарты ғасыр. Күнде көріп жүрген бұлардың да мектеп бітіргендеріне осыншама уақыт өткені. Уақыт шіркін, неткен жүйрік еді. Кеше сияқты еді ғой. Көз алдымнан сол бір өткен өмір жолдары тізбектеліп өтіп жатты... Басынан-ақ бастайын.

Иә, мен де осы өздерің бітірген Сталин атындағы орта мектептің оныншы класын «Алтын медальмен» 1948-1949 оқу жылында бітірдім. Сөйтсем Жалағаш ауданы өмірінде мектепте он жыл үзбей оқыған қазақ қыздары некен-саяқ екен де, үздік оқып, «Алтын медальмен» алғаш бітірген мен екенмін. Оған дәлелім бар. Сол 1949 жылы ақын Әбдікәрім Оңалбаевтың «Ленин жолы» газетінде (қазіргі «Сыр бойы») «Ақылды ана, отличник қыз» деген мақаласы жарыққа шықты. Сол жылы аудандық партия комитеті бөлім меңгерушісінің дайындауымен мен Совет Одағы Коммунистік партиясының қатарына қабылдандым. Мектепті «Алтын медальмен» бітірдім. Коммунистік партияның мүшелігіне үміткермін. Енді не істеу керек?! Әрине оқу керек. Қайда, қандай мамандыққа?

Мен мектеп бітірген жылы директорымыз Ахмет Бапиев: «Мәскеуге, Ломоносов атындағы университетке барасың, әйтпесе аттестатыңды бермеймін десе, өзімнің жалғыз ағайым Әбдіғани Нәбиев: «Алматының медициналық институтына барасың» дейді. Ал мен екеуінің де ақыл-кеңесіне көнбей, «Тек мұғалім боламын, онда да физика-математика мамандығы бойынша», – деп ақыры өз айтқаныммен облыстық оқу бөлімінен әрең дегенде өзім барып, аттестатымды алдым да, Алматыдағы қыздар педагогикалық институтының өзім қалаған факультетіне оқуға түстім.

Біз үш қыз едік. Оныншы сыныпта оқып жүргенімізде газеттен Қазақ қыздары үшін 1944 жылы ашылған институт екенін оқып, «мектебімізді аман-сау бітірер болсақ, тек сол оқу орнына түсеміз» деп уағдаласып қойғанбыз ғой. Сол уәде, сол арман орындалды. 1953 жылы біреміз тарихшы, екеуміз физика-математика пәнінің маманы болып елге, өзіміз оқып бітірген Сталин атындағы орта мектепке мұғалім болып орналастық.

Институттың үшінші, төртінші курсында Алматы қаласының №12 қыздар орта мектебінде арнайы тәжірибе сабақтарын өткізіп, соңында мектеп директоры Рафина Нұртазина (кейін Социалистік Еңбек Ері атағын алған, қазір марқұм болып кетті) апайдан алған мінездеме, мемлекеттік емтихан тапсырарда психология пәнінің мұғалімі Асылбеков ағайдың маған арнайы айтқан ақыл-кеңесі (Сен Бибайша «қатты қызсың» деген) келешекте ұстаз болуыма, үлкен жауапкершілік жүктегендей болды. Институт қабырғасында жүріп, 1950 жылы Коммунистік партияның мүшелігіне қабылдандым.

Институт партия ұйымындағы ең кішкентай коммунист мен болып, ұйымның «пионері» атанғаным әлі күнге есте. Міне, осындай өмір өткелдерінен өтіп келіп, Алматыдай әсем қаладан білім алып, туған елімнің келешегінің тізгінін ұстайтын ұрпақтарды қалайша жан-тәніммен білімге тәрбиелемеске?!

Міне, осындай мақсат биігінде бел шешіп, білек түріп дегендей жұмысқа, ұстаздық жұмысқа кірісіп кеттім. Ең алдымен оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға баулу – сенің міндетті істеріңнің бірі. Оған қоса оқушылар ең алдымен сабақтың қызықты өтуін, мұғалімнің мейірімді болуын, оқушыға деген сый-құрметпен әділдік болуын, мұғалім тарапынан талап қоюшылық және оның өз пәнін жетік білуі керектігі балаға деген сүйіспеншілік, сабырлылық, шыдамдылық қасиеттерінің болуы қажеттігін қатты түсіндім. Мұғалімнің ең жаман қасиеті – қаталдық, оқушының жанын түсінбеушілік, әділетсіздік, дөрекілік, шәкірттеріне деген сүйіспеншіліктің жоқтығы, ұшқалақтық, өзін-өзі ұстай алмаушылық сияқты жағымсыз әдеттен аулақ жүруді мақсат еттім. Өзім ұстаздарға тән мәдениеттілікті толық сақтадым. Оқушылардан мектеп ережесіне сай болуды үнемі талап еттім.

Ол кезде мектеп оқушыларының арнайы киім үлгісі болмайтын. Әркім тапқанын киеді, бірақ соның таза болуы қатаң талап етіледі. Сол сияқты оқушының арнайы он екі беттік тор көз, қисық, түзу ашық жол дәптерлері болады. Қалың дәптер дегенді оқушылар ұстауды дәстүрге айналдырмаған. Қазір қарасаң бетінде небір жалаңаш қыз бен жігіттің суреттері жапсырылған, шет тілінде жазылған дәптерлер қаптап кетті. Оқушы сабақ үстінде оның сыртқы суретіне қарап отырсын деді ме екен, әйтеуір бастауыштан бастап он бірінші сынып оқушыларына дейін соған құмар.

Мен айтар едім, біздің кезімізде сиясауыт, қаламсап, оның ұшы бәрібәрі ережеге сай болуы талап етілетін. Ол кезде де ішіне сия толтырып алып жүруге ыңғайлы автоқаламдар болды. Оны пайдаланған балалар да болды. Бірақ ұстазының айтуымен ондай оқушы ережесіне жат заттарды пайдалануға тыйым салынған. Айта берсек, №II, 88 деген қаламұшпен жазуды қатаң бақылайтынбыз. Қазіргі балалар сол қаламұшты мұражайдан да көре алмайды-ау деймін. Сия сауытттар, қаламұштар мектеп мұражайларында тұрса ғой, шіркін, тарих қой, тарих. Көп ретте ондай майда-шүйдеге мән бермей жататынымыз да жоқ емес-ау.

Міне, осындай тәрбиелік мәні зор қасиеттерінің жетістігінде жүріп, тәрбиеленген, оқытқан шәкірттеріме бүкіл ғұмыр бойы ризамын. Сол бір айтқаныңды екі етпей орындайтын балалардың балалығын сағынамын.

Мектепте ұстаздық жолымды бастаған 1953 жылдың қыркүйегінен 1960 жылдың наурыз айына дейінгі аралықта тәрбиелеп оқытқан шәкірттерімнің бірде біреуі бетіме келіп көрген жоқ. Тек күлкі үшін айтайын. Ерубай Аймаханов деген шәкіртім қыздарға көп тиісе берген соң кейістік білдіргенімде: – Апай, мен оқу бітірген соң шопыр боламын, сонда сізді машинама мінгізбеймін – деді. Ой, айналып кетейін, күліп жатырмын. Соны да ұмытпаймын. Қазір марқұм болып кетті. Он саусағынан өнері тамған құрылысшы болды. Машина да айдады. Баяғы сөзі ұмыт болған. Алдымнан кесе өтіп көргені жоқ. Сәлемі түзу қалпында өмірден өтіп кетті.

Біз соғыс кезінде мектепте оқыдық. Бізді оқытқан ұстаздарымыз «сендердің әрбір алған бестік бағаларың неміске оқ болып тиеді. Сондықтан тек қана беске оқыңдар» дейтін. Сондай тәрбиемен оқып жүріп, мектепті «Алтын медальмен» бітіргенімді де білмей қалыппын. Бұл – шындық. Сондай тәрбиені институт қабырғасында да алдық. Отансүйгіштік рухында тәрбиелендік. Ұлтымыздың қасиетті салт-дәстүрлерін бойымызға сіңіре өстік. «Адам адамға дос, жолдас, бауыр» деген ұранның астында қанаттандық. Енді неге біз, ұстаздар қауымы сол алған білімімізді, білігімізді, тәрбиемізді кейінгі ұрпаққа бермеске, оларды сол өзіміздей отансүйгіштік, еңбексүйгіштік рухында тәрбиелемеске?! Нақты іс жүзінде солай болды да. Оған өзім ұстаздық еткен жылдары мектеп бітірушілердің еліне еткен еңбегі, ұлтына деген сүйіспеншілігі, бір-біріне деген достығы, адами парасаттылығы дәлел.

Атын атап, түсін түстеу керек болса, қырық-отыздан емес, жүзден атауыма құқым бар. Мысал үшін мен «Алтын медаль» алайын деп оқығаным жоқ. «Ұлы Жеңіске үлес қосайық, ұстаздардың айтқанын орындайық» деп оқыдық. Ал менің шәкірттерім де, «оқысаң адам боласың» дейтін ұстаздар қауымы айтатын қасиетті сөздің қадірін ұғына білді. Соғыстан кейінгі қиыншылығы мол жылдары оқыған барлық балалардың бойынан табылатын мұндай қасиеттерді қалай дәріптесең де орынды.

Шәкірттерімнің есімде қалған бір ерекшелігі үйге берілген тапсырмаларды қабілетіне қарай орындап келетіні. Қазіргідей оқушыларға жасалған жағдайлардың көбі ол кезде жоқ десе де болады. Техникалық құралдар тапшы. Тәжірибелік жұмыстардың көбі ауызша оқулық негізінде өткізіледі. Сондай сындарлы уақыттарда да білім беру жүйесі сапалы білім, саналы тәрбиелеуге ұмтылатын. Мектеп үйлерінің ішкі, сыртқы жағдайларын қазіргі мектептермен салыстыруға да болмайды. Осы Сталин атындағы жалғыз орта мектепке балалар сыймай, терістік жағынан қосымша кластар салынды. Оның кесегін құюда да, төбесін жауып сылауда да осы елу жетінің түлектерінің үлесі бар. Оқу жылы алдында ауыл шаруашылық жұмысына баратын да кездері көп еді. Жалпы бұл тұстағы шәкірттер еңбек десе құлшына түсетін. Бір жақсысы, сол дәстүрлерін кейінгі ғұмырларында абыроймен жалғастыра білді. Оған да келтірер болсақ, мысалдар көп-ақ.

Мектепте өткен алты жыл жеті ай мерзімде мен тәрбиелеп, оқытып, білім берген шәкірттерім өмірде көргендерім мен білген, естігенімді зерделеріне жеткізе әңгімелеп бергенді ұнатушы еді. Сондайда өзім де шабыттанып, өмірдің өткен шағынан, студенттік қызықты күндерден естеліктер айтушы едім. Әрине барлық әңгіме оқу-білім, тәрбие төңірегінде өрбитін. Бұл қазірше айтсақ, нағыз тәрбие сағаттары болған еді. Ұстаз әңгімесін, үлкендер әңгімесін қалт жібермей тыңдайтын сол шәкірттер өздері заманға, өмірге бейім, өмірдің қиындығын көріп өскендер екен ғой.

Олардың алды 1935-1937 жылдары аралығы туған. Олар – ата-аналары қуғын-сүргінді көргендердің ұрпақтары. Олар Мақсұт Әбдіразақов, Қаһарман Табынбаев, Жақсылық Адамбаев, Ғалия Нүркенова, Қазия Әбдіразақовалар, солармен замандас көптеген тағы басқалары бар. Онан соңғылар 1938-1941 жылдары арасындағы дүниеге келгендер. Бақытты балалық шағын сұрапыл соғыс жұтып қойғандар. Олар – фин соғысы мен кешегі Гитлер басқарған неміс басқыншыларымен болған сұрапыл соғыста шейіт болғандардың жаралы болып елге келіп, бақилық дүниеге мезгілсіз аттанып кеткендердің, елде соғыс ауыртпалығына қаймықпай қарсы тұра білгендердің ұрпақтары.

Мырзамұрат Ілиясов, Тұрсынбай Тәшенов, Мақсұт Қалыбаев, Сара Алматова, Айтеке Балқаев, Роза Нүркенова сияқты тағы басқаларын да, сол жылы мектеп бітіргендердің барлығының да аты-жөндерін толық келтіруге болар еді. Мектепте 1957 жылы бітірушілердің үш класы болды. Бірінен бірін бөле жарғым келмейді. Сол жылғы түлектерден Садық Әлиев, Жақай Бодықбаев, Қалыбек Әбдікияров, Хамит Әбдіхалықов, Данабек Ижанов, Тобаш Ембергенов, Амангелді Шілдебаев тәрізді ұлдарды, Бекзада, Қатшатай, Күлжахан, Шәрі, Қазына сияқты қыздардың есімдерін ерекшелегім келеді. Бұлар – менің көз алдымда өсіп, өмірден өз орындарын тапқан өсер елдің өнегелі ұл-қыздары.

Әйтсе де, өзіме клас жетекші болған 10 в-ның ұл-қыздары ерекше ыстық. Қабағына қарап, ұстазының айтқанын тыңдап өскен тәрбиелі ұрпақтың қай-қайсысының да өздеріне лайық мінез, қылықтары болатын. Дәл қазір бірін даралап, бірін саралап айтудың қажеті де шамалы. Бала кезінен барлығы да жақсы оқитын, барлығы да жақсы оқуға тырысатын. Бала бойына лайықсыз, жат қылықтардан қашық жүретін.

Олар өсіп, еліне еңбегі сіңген азамат болды. Өз шәкірттеріммен кейінгі қызмет саласында жиі ұшыраса бастадық. Тапсырмалар беріп, олардың орындалуын қадағалағанда кездеріміз аз болмады. Сондайда бір мекемені басқара жүріп «апай» деп, «ұстазымызсыз ғой» деп сызылып тұрған кешегі шәкірттеріңді көргенде, оның ұстазға деген кіршіксіз махаббатын сезінгенде бойыңды ерекше бір қуаныш билейтін. Сондай сәттерімнің көп болғанына шүкіршілік етемін.

Сол бір елу жетінің түлектеріндей бірлігі мол, достыққа берік, бір үйдің баласындай адамдарды тәрбиелегеніме, соларға әлім келгенше білімімді бергеніме қуаныштымын. Өмірде кездескен көп бақыттарымның бірі де осы шәкірттерімнің қоғам алдындағы қол жеткізген табыстарын көру, олардың ұрпағымен өсіп-өнгенін көру үлкен бір ғанибет деп түсінемін. Өйткені олар менің шәкірттерім, ұстаздары ойлағандай өмірден өз орындарын таба білді. Уақыт тынысын сезінді, заман талабына сай болды. Қай-қайсысы да өмірден өз орнын таба білді. Басшысынан бастап, қосшысына дейін бір-бірімен сыйласумен келе жатқан ұрпақ өнегесі өздерінен кейінгілерге де үлгі болып қала бермек. Мен ең бастысы осыған қуанамын.

Осыдан елу жыл бұрын мектеп бітірген шәкірттерім туралы айтарым таусылмақ емес. Оларға баға жетпейді, олардың бәрі алтын. Олардың аудан, облыс көлеміндегі қызметке араласқандары да, қатардағы еңбек адамы болғандарының да өмір жолдары көз алдымда. Қай-қайсысына да жеке-жеке мінездеме бере аламын. Десе де үлкен той үстіндегі тілегім бәріне бірдей. Менің сүйікті шәкірттеріме: «Өткендегі өнегелі өмірлерің ұрпақтарыңмен жалғасып жатсын! Ғұмырларың ұзақ, бала-шаға, немере-шөберелеріңнің қызығын көріп, егемен еліміздің қадірменді қарттары болып жүре беріңіздер» деп аналық, ұстаздық ақ тілегімді арнағым келеді. Қуаныштарың көп болсын, жұптарыңыз жазылмасын.

Міне, апайымыздың ұстаздық еткен жылдардағы атқарған қызметтерін өзі жазып кеткен естелігінде осылайша өрбиді. Естелікте ұстазымыздың шәкірттеріне деген сүйіспеншілігі мен өз ісіне жауапкершілігін айқын сезінуге болады. Ол кісі 7-8 жылдай ұстаздық еткеннен кейін аудан басшылығы ерекше қабілетін, сауаттылығын бағалап, партия қызметіне ауыстырады. Бұл салада да өзінің іскерлігін көрсете білді. Партия қызметінде ысылған Бибайша апайымыз аудандық кеңес атқару комитетінің жауапты хатшысы қызметіне жоғарлатылады. Бұл қызметті үш жылдан астам уақыт атқарып, 1972 жылы аудандық партия комитетінің жалпы бөлімінің меңгерушісі лауазымына ауысып, 1986 жылы еңбек демалысына шығып, «облысқа еңбегі сіңген зейнеткер» атанды.

Біздер, мектепті бірге бітірген апайдың 80-дей шәкіртінің көпшілігі аудан, облыс көлемінде қызметте болдық, ұстазымызбен жиі кездесіп тұратынбыз. Қай қызметте болайық ұстазымызды тек апай деп атап, алдынан кесе өтпейтінбіз, ол кісі аупарткомда, атқару комитетінде жауапты қызметтерде болғанда берген тапсырмаларын мүлтіксіз орындауға тырысатынбыз.

Бүгінде ұстазымыз арамызда жоқ болса да артында өзіндік таңбалы ізімен, ұлағатқа толы ұстаздық қызметімен, тәрбиелеген шәкірттерімен, біртуар азаматтай еліне еткен еңбегімен әрқашан шәкірттерінің, ұрпақтарының, елінің есінде сақталатынына сенімдіміз.

Садық ӘЛИЕВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы

Сақтансаң, сақтайды

Бала қауіпсіздігі бәрінен маңызды

Балалардың жарақат алуы мен оларға төнетін қатердің негізгі себептерінің бірі – терезеден құлау оқиғалары. Балалар табиғи қызығушылықпен ашық терезе алдында қауіп-қатерге бейім болып келеді. Әсіресе 3-7 жастағы балалар терезеден құлау қауіп-қатеріне жиі ұшырайды, бұл жастағы балалар терезе алдында ойнаудың қауіпті екенін түсінетін жаста емес, үлкендердің ешқайсысы оларға бұл жағдай туралы түсіндірмейді.

Терезеден құлау оқиғалары көп жағдайда ата-аналардың балаларды қараусыз қалдыру салдарынан болады. Осыған байланысты ата-аналарды өте сақ болуға және кішкентай балаларды терезесі ашық бөлмеде жалғыз қалдырмауларын сұраймыз.

Балаларды терезеден құлау жағдайынан сақтау ережелері де жоқ емес. Мәселен, үйде балалар болған жағдайда, ешқашан терезені ашық қалдырмаңыз. Сіз балаңыздың жанында болғаныңызбен, өз назарыңызды басқа нәрсеге аударған мезетте балаңыз өз өмірімен қош айтысуы мүмкін.

Барлық жиһаздарды бала терезе алдына шыға алмайтындай етіп, терезе жанынан алшақ қойыңыздар. Егер бұл мүмкін болмаған жағдайда балаларға терезеге жақын орналасқан керуерт немесе басқа да жиһаздардың үстінде ойнауына рұқсат бермеңіз.

Ешқашан терезедегі москиттік торларға сенбеңіздер. Олар құлаудан сақтауға арналмаған, құлап бара жатқан балаларыңызды қорғай алмайды. Керісінше москиттік тор қайғылы жағдайдың орын алуына әкеліп соғады. Балалар москиттік торларды қауіпсіз деп ойлайды және терезеге сүйенгендей, сол торларға сүйенеді. Көп жағдайда балалар осы тормен бірге құлап кетеді.

Мүмкіндік болса, терезені төменгі жағынан емес, жоғары жағынан ашыңыз. Балаларыңыз терезені өз еркімен аша алмауы үшін терезелеріңізге арнайы бекіткіштер орнатыңыз.

Жоғарыда көрсетілген ережелерді ескере отырып, сіз жазатайым оқиғаның және қайғылы жағдайдың алдын аласыз. Кез келген төтенше жағдай орын алған жағдайда 101 немесе 112 телефон нөміріне хабарласыңыздар.

Аудандық төтенше
жағдайлар бөлімі

Ойтамызық

Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар

Ертеде қазақ дәстүрінің каймағы бұзылмаған кезде «Сырға салу» емес, «Үкі тағу» немесе «Белгі салу» деп атаған. Сол заманды еске алған көрші әжеміздің әңгімесі бізге қызық көрінді. «Тіпті қытайдағы қазақтар бұл кәдені «қарғы бау салу» деп атайды. «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» деген сол. Біздің жас күнімізде жігіттің әке-шешесі көңілдеріне ұнаған қызға құда түсер алдында қорасына мал кіргізіп, қызға сыйлық беретін. Қыз бен жігіттің ата- анасы құдаласуға келісіп, қалыңмал жөнінде сөйлесіп, жігіт әкесі осы келісімнің белгісі ретінде қызға үкі тағады немесе білегіне білезік салатын.

Менің пайымдауымша, үкі тағуға барған адам тілге шебер, шешен болуы керек.

Мысалы: Құтым батыр інісі Шағырға қыз айттырып барғанда келу мақсатын жүйелі жырмен былайша бастаған:

Жалаулы найза, жарау ат,
Жауға шапсам деп келдім,
Аққуына Үйсіннің
Үкі тақсам деп келдім,- деген жолдардан «Үкі тағу» салтының болғанын анық көреміз. Егер құда түсіп, кит кигеннен жігіт үйленуден бас тартса, онда олар ат-шапан айыбын, алған киітін, қыз жағының құда түскендегі шығарған шығынын төлейді. Қыз жағы үкіні қайтармайды. Содан кейін ғана қызға басқа біреудің құдатүсуіне жол ашылады» дейді ақ жаулықты абыз кейуана.

Көркем әдебиеттерден оқығанымызда ертеде қызға тағатын үкінің айналасын «соқыр тиынмен» әсемдеген. «Соқыр тиын» деген тиынның бетіндегі бедері мен таңбасы көп пайдаланғандықтан көмескіленіп кеткен тиын. Деректерге сүйенсек, «Сырға салу» деген кейіннен шыққан. Ұл баланы ашамайға отырғызғанда, сол жастағы қыз баланың құлағын тарымен тесіп, сырға таққан. Оны қазекен «Сырға той» деп атаған. Негізінен қарап зерделеп отырсаң, қазақтың салт- дәстүрінің барлығы баланың көңіліне қуаныш сыйлау үшін жасалған. Бұл тойларға қыз-келіншектер мен ауылдың бәйбішелері қатысқан. Ал шілдеханаға ер-азаматтар күндіз батасын беріп, кешкі ойын-тойға қатыспаған. Олар тек сүндет той, ашамайға мінгізу, тоқым қағар, үйлену тойына ғана қатысқан.

Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар дейді ғой халқымыз. «Тұсау кесерде» корея халқының ақша, аспап, қалам қоятын салтын да өзіміздікіндей қабылдап, оны санамызға сіңіріп алдық. Әлеуметтік желіде отыздағы қыздың тұсауы кесілді дегенді естіп есеңгіреп қалдық. Бесікке салғанда түбегіне, шүмегіне арақ құйып ішкенін, бесіктіің үстіне мініп атша шапқан апамызды көріп «апыр-ай» деп жағамызды ұстадық.

Қалай десек те, қазақтың салт-дәстүрін ардақтап, оны басқа кәдемен шатастырмайықшы. Өзге елдің қаңсығын таңсық қылып, өзіміздің ата-бабамыздан қалған аманатқа қиянат жасамайық, ағайын!

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Бәрекелді!

Малыңызды бақташыға тапсырыңыз

Мал басын көбейткен жөн. Бірақ, көшеде емес. Жайылым бар, өріс бар, қора-жай бар. Қазірде кейбір тұрғындардың малы кент көшелерінде жайылып жүреді. Иесіз жүрген төрт түліктің кент ішіндегі қоғамдық орындарды ластағанынан бөлек, көше бойындағы талдарды, саябақтар мен орталық алаңдардағы гүлзарларды отап кетіп жатыр. Кент әкімі әр көшенің бойына күндіз-түні қарауыл қоя алмайды. Көшедегі көктеп тұрған ағаштардың жапырағын бір келе түйе жабыла жегенде әп-сәтте бұтақтарын жалаңаштап, арса-арса қылады. Иесіз жүретін сиыр мен ешкі де жас көшеттердің түгін қалдырмайды.

Қуат АДИС

Соңғы уақытта кент ішінен үйірлі жылқылар көзге шалынатын болып жүр. Тұяқтары асфальтты тесердей болып бір көшеден екінші көшеге топандай тасқындап шауып өткенде көшедегі адамдарға қауіп туғызады. Абайламаса, балалар тапталып қалуы әбден мүмкін. Бұл мәселе талай мәрте көтерілді, айтылды, жазылды. Иесіз жүрген төрт түліктің егелеріне заңнамалық тұрғыда ескерту де жасалды, заңға сәйкес айыппұлдар салынып, малдары да қамалды. Бірақ, нәтиже жоқ. Кент әкімдігінің қызметкерлері кент ішінің тазалығын сақтап, жасыл желекті қорғау үшін көшелерді иесіз малдардан қорумен әлек болып жүр және бұл қазірде толғақты мәселеге айналып отыр. Әрбір тұрғын малдарын өріске ұзатып салып, күтіп алып, түнгі мезгілде қорасында ұстаса, мұндай мәселе туындамас еді. Тегінде әрбір тұрғын асырап отырған қолындағы малына ие болып, жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Бұл мәселенің шешімі – төрт бағыт бойынша пада ұйымдастыру ғана. Яғни тұрғындар таңертең қорасынан шыққан малын бақташыға тапсырады, кешке мал өрістен қайтқан уақытта жауапкершілік бақташыдан сұралады. Сонда мал ұрлығына қатысты қылмыстар да орын алмайды, айналадағы жаз бойы бақша егетін диқандар да тыныштталады, кентіміз де иесіз малдан арылып, санитарлық тазалық сақталады. Өйткені, ай сайын әр бас сиырға 1000 теңгеден ақы алып отыратын бақташы алдындағы малдың біреуін де көзден таса қылып, табыннан шашау шығармайды.

Аудан әкімі қазірде кент тазалығына, соның ішінде егесіз жүрген малдардың мәселесіне ерекше көңіл бөліп отыр. Расымен қора-жайы бола тұра малын көшеге жібертін немесе падаға қоспайтын тұрғындарға қатаң ескертулер жасап, айыппұл салуды жалғастыру керек. Аудан басшысы да осы мәселені әлі де зерттеп, зерделеп, аталған бағыттағы жұмысты күшейтіп, кешенді іс-шараларды жалғастыруды құзырлы орындарға жүктеді және кешіктірмей нәтиже шығару жөнінде тапсырма берді. Осыған орай кент әкімдігі де алдағы күндері кент бойынша жаппай пада ұйымдастыруды қолға алды.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 24 қаңтардағы «Жеке қосалқы шаруашылықтарда елді мекендердің шекаралары шегінде мал ұстау және ауыл шаруашылығы пайдаланымындағы елді мекенді жерлерде малдарды бағу жүктемесінің ветеринарлық нормативтерін бекіту» туралы №28 бұйрығында мүйізді ірі қара малын ұстау үшін 35,8, жылқыны ұстау үшін 38,4, аналық ешкі үшін 11,7 және аналық қой үшін 11,7 шаршы метр қажетіллігі белгіленген. Осы бұйрықтың негізінде Жалағаш кенті әкімдігі тұрғындардан мал ұстауды осы аталған бұйрыққа сәйкестендіруді сұрайды.

Қазірде кент бойынша 6 923 бас мүйізді ірі қара, 6 575 бас жылқы, 30 бас түйе, 5 612 бас қой, ешкі есепке алынған. Жоғарыда айтқанымыздай, осы түліктердің көбі егесіз көшеде жүреді. Егесіз жүрген мал біріншіден, кент ішін ластап, көгеріп, көшеге сән беріп тұрған саялы ағаштарды құратады, екіншіден, мал ұрлығы қылмысының туындауына себеп болады. Сол үшін 2022 жылдың 1 қарашасынан бастап кенттің солтүстік батысындағы тұрғындар қорадағы малдарын өріске, көшеге егесіз жібермей, падаға қосуы тиіс. Кент әкімдігі паданың таңертеңгі мезгілде Байбол Сопбеков көшесінің аяғына жиналатынын тұрғындарға хабарлайды. Тағы да айтамыз, бұл қауіпсіздік үшін де, кенттің тазалығы үшін де аса маңызды. Жоғарыда бұл бағыттағы жұмыстар күшейтілгенін айттық. Ендеше, алдағы уақытта малын егесіз жіберген тұрғындарға тиісті әкімшілік шара көріледі. Нақтырақ айтсақ, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235 Кодексінің №505 бабының 1-тармағында ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – жиырма (елу сегіз мың үш жүз қырық теңге) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға болады. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жеке тұлғаларға – отыз (сексен жеті мың бес жүз он теңге) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады.

Сондықтан кент тұрғындары бұл мәселеге немқұрайлы қарамай, малдарын падаға қосып, мал ұрлығының алдын алып, кентіміздің көркін сақтауға атсалысқандары жөн.

Ойтаразы

Баланы жасынан еңбекке баулып, өз бейіміне қарай кәсіп үйрету ләзім. Алайда, бұл орайда балаға берген бағытың оның сабағына кедергі келтірмеуі тиіс.

Баланың көңілі – базарда

Қазір күзгі жиым-терімнің мезгілі. Диқандар өздерінің жаз бойы егіп, күтіп-баптап өсірген бақша өнімдерін нарыққа шығарғалы біршама уақыт болды. Бағасы қымбат болса да жергілікті өнімге деген халықтың сұранысы өте жоғары. Егістіктен әкелінген бақша өнімдері тұрып қалмайды, алушылар көп. Сатармандар да қазанның ызғары ұрғанша берекелі мезгілді пайдаланып қалу үшін күні-түні бір тынбайды. Ересек адамдармен бірге тұрып түннің бір уағына дейін базарда қауын-қарбыз сататын балалар да бар. Олар да саудаға әбден бейімделіп, халықты өздеріне тартудың түрлі тәсілін меңгерген. Тұрақты тұтынушылары көп.

Әрине, бұндай жағдайда сол балалардың түнгі мезгілде көшеге шығып тығылып шылым шегіп, ішімдік ішіп, бұзақылық жасамай, басына пайдалы іспен айналысып, еңбегімен ақша тауып, әке-шешесіне қолқанат болып жүргеніне қуанасың. Балаларының адал жолмен ақша тапқанына ата-аналары да қарсы емес. Алайда, осы тұста ескеретін бір мәселе бар. Мейлі, кәсіп үйреніп, соның нәсібін көретіндей жағдайға жетсе де, баланың аты – бала. Сондықтан кәмелет жасқа толмаған әрбір оқушы мектептен тыс уақытта ата-анасының жанында, бақылауында болуы тиіс.

Тіпті қоғамның қадағалауынан қалт кетпеуі керек. Өйткені кәмелет жасқа толмаған баладан заңды тұрғыда жауапкершілік сұралмайды. Қазіргі мектеп жасындағы балалар тек базарда ғана емес, жеке дүкендерде де сатушының орнына тұрып сауда жасай береді. Керек десеңіз, қабырғалары қайысып, тірсектері майысып жүк түсіріп жүреді. Көбіне қыз балалар түнгі мезгілде мейрамханаларда даяшы болып, ыдыс-аяқ жуып ақша тауып жүр.

Тағы да айтамыз, бұл бір қарағанда еш сөкеттігі жоқ құптарлық жайт болғанымен, түнгі уақытта кәмелетке толмаған балалардың өз бетінше ақша табуына рұқсат берген ата-ана және бала еңбегін заңсыз пайдаланған сауда орындары мен мейрамханалардың иелері заң алдында жауап беретінін білгендері жөн.

Иә, түсінікті, ата-ана баласын тасып-толғаннан емес, отбасылық мұқтаждықтан, тұрмыстық жетіспеушіліктен ақыға жұмыс істеуіне амалсыз келісім береді. Яғни мәжбүрліктен барады. Алайда әрбір ата-ана үшін ең алдымен баласының денсаулығы қымбат, қауіпсіздігі маңызды және Конституцияға сәйкес елімізде кәмелетке толмаған балалардың барлығы орта білім алуға міндеттелген. Оқушының мектепте білім алуына, үйінде алаңсыз сабағына дайындалуына ешкім де, ешқандай жағдай да кедергі болмауы керек. Отбасының асыраушысы, тұрмыстық қажеттіліктермен толық қамтамасыз етуші – ата-ана. Сондықтан ата-ана мен баланың отбасындағы рөлін ауыстырып алмағанымыз жөн.

Кешегі қиын кезеңдерде санамызда қалыптасып қалған «нарық заманына бейімделуіміз керек» деген ұғым бүгінде ұранға айналып кетті. Түннің бір уағына дейін базарда сауда жасаған немесе мейрамханадағы мыңға жуық қонаққа зыр жүгіріп даяшы болып қызмет көрсеткен оқушылардың ертеңгісін көзін тырнап ашып мектепке барғандағы хәлі қандай болмақ?

Балалардың сүйікті жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» шығармасында сотқар Қожаның Сұлтанға еріп, ауылынан біршама шақырым ескі диірменге балыққа барып, аттары қашып кетіп ауылға ертесіне әрең жетіп, үй тапсырмасына берген жаттауын жаттамай ұстазынан ұрыс еститіні бар еді ғой. Сол кезеңдегі идеологиялық көзқараспен атақты шығарманың әрбір оқырман, соның ішінде әрбір ата-ана мән беруі тиіс маңызды эпизоды да дәл осы тұсы болған. Иә, белгілі себеппен далаға түнеген аталған шығарманың бас кейіпкері бір күнгі тапсырмасын ғана орындамады. Ал күнделікті түнгі мезгілде әлгіндей жұмыстарды атқарып, шаршайтын оқушылар келесі күннің сабағына қай уақытта дайындалады? Міне, бүгінгі қоғам үшін бұл өте өзекті мәселе.

Адамзат көкті шарлап кеткен ғасырда баланы базар жағалатып қоймай, өнер, ғылым үйретпек керек. Сосын жас ұрпақты еңбекке, кәсіпке баулудың да өз жолы, жөні бар. Балаға жасынан тиын санауды емес, күнделігіндегі «бестік» бағасын санауды үйретіп, ғылымға қызықтырып, ақыл-ойын дамытқанда ғана біз жаңаша ойлай алатын осы заманның Фарабилерін тәрбиелеп шығарамыз. Ал бұған бүгін мән бермесек ертеңгі күні базар баққан, шот қаққан Дойылдар көбейетініне шүбә келтірмесек болады.

Қуат АХЕТОВ

Сыннан сабақ алған абзал

– Қазір комиссия мүшелері алдында қорғалған жобалардың басым бөлігі қаржылай қолдау тауып жатыр. Әрине оған біз қуанамыз. Алайда бір нәрсені назардан шығармаңыздар. Қайтарымсыз қаражатты мыңғырған малы бар немесе әлеуметтік жағдайы жақсы азаматтар емес, нақты жұмыс жасайтын мұқтаж азаматтар алуы керек. Онсыз да әлеуметтік желіде, халық арасында, қоғамда грантты үлестіруге қатысты қаңқу сөз көп. Шын мұқтаж азаматтар тиісті қолдауын алса, бізде әлеуметтік салада мәселе болмайды деп ойлаймын. Мұны да назардан шығармаңыздар, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Иә, бұған дейін бірнеше рет комиссия отырысы өткен. Нәтижесінде бірнеше жоба қаржылай қолдау тапты. Сол тұста біз кейбір елді мекендерден үміткерлердің үлесі аз болғанын жазғанбыз. Кешегі мәжілісте де осы мәселе сөз болды. Мәселен, Мейірбек Құрақбаев жоба ұсынбаған немесе 2-3 жоба ғана ұсынған ауылдық елді мекендердің барын жоққа шығармады. Олардың қатарында Аққыр, Жаңаталап, Мырзабай сынды басқа да елді мекендер бар. Аталған ауылдарда жергілікті халық қайтарымсыз қаражатқа мұқтаж емес пе, жоқ әлде елді мекен тұрғындарының кәсіп ашуға ынтасы жоқ па, болмаса уақытында түсіндірме жұмыстарының жүргізілуі мардымсыз болуы әбден мүмкін. Әйтеуір бұған қатысты да елді мекен әкімдері дәлел келтірген болды.

Жыл аяғына дейін қосымша 77 жобаны тағы қаржыландыру көзделуде. Бұдан бөлек мемлекеттік қолдау шараларынсыз 800 адамды жұмыспен қамту қажет болса, бүгінде тек 524 адам жұмысқа орналасқан. Яғни меженің тек 65,5 пайызы орындалып отыр.

Президент «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру қажет дейді. Әлбетте бұл ай басындағы Жолдауда айтылған әділетті Қазақстанды құруда маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Бұл тұста әкімдердің, жалпы бірінші басшылардың азаматтарды мәселелерімен жеке қабылдауы да аса маңызға ие. Өкіністісі бізде бұл бағыттағы жұмыстарда да айтарлықтай кемшіліктер бар екен.

– Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес, 2021 жылдың қорытындысымен аудан әкімінің қабылдауында 199 азамат болса, кент және ауылдық округ әкімдерінің қабылдауында тек 87 азамат болған. Ал биыл жыл басынан бері 229 азамат жеке қабылдауда болса, оның ішінде аудан әкімінің қабылдауында 115 азамат, кент және ауылдық округ әкімдері 114 азаматты қабылдаған. Бұл жерде мүлдем қабылдау жүргізбеген немесе 1 адам ғана қабылдаған ауыл әкімдері де бар, – дейді Мейірбек Құрақбаев.

Бұдан қандай ой түйесіз? Менің ойымша, ауылдық елді мекендерде мәселе жоқ сияқты. Бірақ бұлай дейін десең, жоғарыда айтылған барлық елді мекендегі мәселелерді қайда қоясыз? Әлде кентте, ауылдарда жергілікті халық әкімдіктің мекен-жайынан бейхабар ма? Сауал көп, жауап...

Бұрын ауылда ақсақалдар ауыл әкімін той-томалақ, құдайы астарда ұстап алып, ауылдың болашағына қатысты бірқатар мәселені алдына қоятын. Сонда әкімдер тарапынан айтылатын бір ғана жауап бар. Ол – барлық мәселенің қаражатқа келіп тірелетіні, ал оны жоғарыдан бөлдірудің қиынға соғатыны. Қазір ше, бүгінде бәрі басқаша. Аудан әкімі бас шаһарға, министрліктерге өңірді дамытуға қатысты арнайы жоба әзірлеп, оны қорғап, қыруар қаржы тартады. Оны тиісті елді мекендерге бөледі. Ал ауыл әкімдері не істейді? Бүгінде оларға бөлінген қаражатты игерудің өзі мұңға айналған. Елді мекен әкімдерінің атқарған жұмыстарын саралағанымызда түйген ой осы. Бұған дәлел келтіру үшін тағы да қыр асудың қажеті жоқ.

9 айдың қорытындысымен аудан бюджетінің шығыстар болжамының игерілуі 99,9 пайызға орындалады деп жоспарланған. Нәтижесін айтайық, бүгінде бюджеттік бағдарлама әкімшілері орындалмайтын 156,5 млн теңге трансферт қаражаттарын кейінгі айларға шегеру туралы өтінім ұсыныпты. Алайда Ұлттық қордан бөлінген 49,6 млн теңгені кейінгі айларға шегеру қолдау таппай отыр. Салдарынан аудан бюджетінің болжамды атқарылуы 99,5 пайызды құрайды деп межеленіп отыр. Бұл да болжам. Бұл межеден де шығу жолында тағы бір кедергілер сылтау болып жатса, таң қалмаймыз. Туындаған мәселені аппарат басшысы Еңбек ауылындағы 3 көшенің күрделі жөндеу және М.Шәменов ауылындағы 9 көшенінің орташа жөндеу жұмыстарына бөлінген қаржының уақытылы игерілмеуімен байланыстырды. Мәжілісте салық түсімдері, тұрмыстық қатты қалдықтарды жою нысандарына қатысты да кемшіліктер айтылды.

Қазір Жалағаш ауданы аймақта орын алған мал ұрлығына қатысты қылмыстар бойынша алдағы үштікте. Мұның алдын алуда паданың маңызды рөл атқаратынын әрбір жиналыста естіп, құлақ қажалды. Тағы да сол, айтылады, тапсырылады, ал нәтижесі...

Баяндамашының сөзіне сүйенсек, бүгінде кент, ауылдық округтерде мал жайылымына барлығы 50 бағыт белгіленген. Осыған дейін бірнеше мәрте әкімдерге пада ұйымдастыру туралы тапсырма берілгенімен, оның орындалуы көңіл көншітпейді. Қысқасы өте төмен деңгейде.

Қазіргі таңда Еңбек, М.Шәменов, Қаракеткен, Жаңаталап, Жаңадария ауылдарында қоғамдық жұмыс орындарына жұмыссыз азаматтарды тарта отырып, мал кезегі мен падалар қолға алыныпты. Алайда ондағы бақташылар малды жайылымға таңертең жіберіп, кешкілік айдап әкеледі екен. Бұны сіз падаға жатқызасыз ба?

Ақсу, Мәдениет, Мырзабай ахун, Бұқарбай батыр, Аққұм, Мақпалкөл, Аламесек, Таң, Аққыр ауылдарында ауыл тұрғындары өзара кезектілікпен және шаруашылық құрылымдарының қарауылдарымен ауылдан өріске шығатын малдарды жайылымға таңертеңгілік жіберіп, кешкілік айдап әкеледі екен. Яғни барлық ауылда бұл бағыттағы жұмыстар ұйымдастырылмаған.

Баяндамада қамтылмаған сала жоқ, бірақ сараланған жұмыста сапа да жоқ. Асқарбек Темірбекұлы айтқандай, елді мекен әкімдері жұмысты ширатпаса, ауданның негізгі көрсеткіштерінің жыл аяғына дейін орындалмайтын қаупі бар.

Өңір басшысы айтылған кемшіліктерді жоюға қатысты нақты тапсырмалар берді. Ал әр сала бойынша кемшіліктер баяндалғанда жиі төбе көрсеткен бірнеше әкімге тәртіптік шара да көрді. Енді сыннан сабақ алған дұрыс сияқты. Аудан әкімінің қай тапсырманы қай уақытқа дейін орындауға қатысты талаптарын біз де түртіп алдық. Алдағы уақытта бұл да басылым бетінде сарапталады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

← 1

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1610

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА